

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласында
сапаны қамтамасыз ету комитеті
төрағасының 2021 жылғы
3 тамыздағы № 634 бұйрығымен
бекітілген

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі – Комитет) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттері (бұдан әрі – Департаменттер) лауазымды тұлғаларының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау рәсімін біркелкі түсінуін және қолдануын қамтамасыз етуге арналған.

3. Нұсқаулық жеке қолданылатын құқықтық акт болып табылады және нормативтік құқықтық актілерге жатпайды.

4. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды Комитет және оның Департаменттері меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өз құзыреті шегінде бес жылда бір рет профилактикалық бақылау арқылы жүргізеді (бұдан әрі – мемлекеттік аттестаттау).

5. Комитет пен оның Департаменттері денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын және Сот төрелігі академиясын қоспағанда, өз құзыреті шегінде мемлекеттік аттестаттауды:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын;

әскери, арнаулы оқу орындарындағы (бұдан әрі-білім беру ұйымдары) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүргізеді.

6. Мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында өткізіледі.

7. Мемлекеттік аттестаттау жалпы білім беру ұйымдары бойынша, оның ішінде білім беру деңгейлері, мамандықтар (біліктіліктер) немесе даярлау бағыттары (мамандықтар) бойынша білім беру қызметіне қолда бар мемлекеттік лицензияға сәйкес білім деңгейіне қарай жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік аттестаттау МЖМБС талаптарын бұзудың себептері мен жағдайларының алдын алу және ескерту мақсатында білім беру ұйымдарына әдістемелік ұсынымдар беруге бағытталған.

2 - тарау. Дайындық жұмыстары

9. Мемлекеттік аттестаттауды өткізудің алдында Комитет пен оның Департаменттерімен дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Дайындық жұмыстары келесі кезендерден тұрады:

1) Комитет және оның Департаменттерімен өз құзыреті шегінде мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекітуі;

2) Комитет пен оның Департаменттерімен өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарынан тартылатын мамандарының, консультанттары мен сарапшыларының тізімін қалыптастыруы;

3) Комитет және оның Департаменттері қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалау шеңберінде білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалау өткізу кезінде байқаушылар ретінде қатысуы.

1 - параграф. Мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту

10. Келесі күнтізбелік жылға мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Комитет және оның Департаменттерімен өз құзыреті шегінде өту мерзімдерін көрсете отырып, осы Нұсқаулыққа жататын 1-қосымшаға сәйкес 10 қарашаға дейін бекітіледі.

Департаменттермен алдағы күнтізбелік жылға әзірлеген Тізбенің жобасы келісу үшін Комитетке жіберіледі.

Комитетпен келісілгеннен кейін Департамент басшылары осы Тізбені

тиісті күнтізбелік жылға бекітеді.

11. Бекітілген тізбе мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған мерзімі басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей өз құзыреті шегінде Комитеттің және оның Департаменттерінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өту мерзімі алдыңғы мемлекеттік аттестаттаудан өту туралы бұйрық шыққан күннен бастап есептеледі және бес жылдан аспауға тиіс.

Бекітілген Тізбеде білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өту мерзімі тиісті күнтізбелік жылдың 10 қаңтарынан басталады және 30 желтоқсанында (қоса алғанда) аяқталады.

12. Мемлекеттік аттестаттауды өткізуге мораторий енгізілген жағдайда, білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өту мерзімін қайта бастау мораторий қабылданғанға дейін бекітілген тізбе бойынша есептеледі.

13. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары аккредиттеу мерзіміне мемлекеттік аттестаттаудан босатылады.

14. Осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 410-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік аттестаттаудан босатылады.

15. Бірінші мемлекеттік аттестаттау жаңадан құрылған, мынадай:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында үш жылдан кейін;

2) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында төрт жылдан кейін;

3) әскери, арнаулы оқу орындарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында мамандардың алғашқы бітіру жылынан кешіктірілмей өткізіледі.

16. Мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының бекітілген тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді:

1) Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңына сәйкес төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдай енгізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымын қайта ұйымдастыру және тарату жағдайларын қоспағанда.

17. Осы Нұсқаулықтың 16-тармағына сәйкес бекітілген Тізбеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайларда, осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар растаушы құжаттармен бірге Комитетке келісу үшін ұсынылады.

Комитетпен келісілген қорытындылары бойынша Департаменттермен бекітілген тізбелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

2 - параграф. Тартылатын сарапшылардың тізімін қалыптастыру

18. Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 154-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын (бұдан әрі – сарапшылар) аттестаттау комиссияларының құрамына тартуға құқығы бар.

19. Аттестаттау комиссиясының құрамы Комитет бойынша бірыңғай республикалық сарапшылар тізіліміне (бұдан әрі – БРСТ) енгізілген сарапшылар тізімінен қалыптастырылады.

20. Сарапшылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сарапшылар тізімі бірінші және жоғары санаттағы білікті педагогтер, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер және (немесе) магистрлер, еңбек сіңірген педагогикалық еңбек ардагерлері, әдіскерлер, білім беру ұйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарларынан қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін сарапшылар «Ғылым кандидаты» немесе «Ғылым докторы» немесе «Философия докторы (PhD)» немесе «Бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «Философия докторы (PhD)» немесе «Бейіні бойынша доктор» дәрежесі және/немесе «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағы бар немесе «Профессор» және/немесе әскери (арнайы) атағында подполковниктен төмен емес немесе сыныптық шенінде әділет кеңесшісінен төмен емес оқытушылар қатарынан қалыптастырылады.

21. Комитетпен (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармасы) және оның департаменттерімен өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігіне, облыстардың және республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім

басқармаларына және оның ведомстволық бағынысты білім бөлімдеріне (бұдан әрі – Білім басқармасы) комиссия құрамына тарту үшін сарапшылар тізімін ұсыну туралы ресми сұраулар жіберіледі.

Басқару органдарымен ұсынылған сарапшылардың тізімі Комитетпен (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармасы) және оның Департаменттерімен өз құзыреті шегінде осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкестігіне талдау жасалады.

22. Комитетпен (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармасы) және оның Департаменттерімен өз құзыреті шегінде сарапшылар тізіміне осы Нұсқаулықтың 21-тармағына сәйкес жарты жылда бір рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

23. Сарапшылар осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес келген жағдайда сарапшылар тізіміне енгізіледі.

Сарапшылардың тізімі Комитетпен және оның Департаменттерімен өз құзыреті шегінде бекітіледі.

24. Департаменттермен бекітілген сарапшылар тізімі Комитеттің аумақтық органдардың қызметін үйлестіру басқармасына БРСТ қалыптастыру үшін жіберіледі.

Комитеттің аумақтық органдарының қызметін үйлестіру басқармасы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау үшін Департаменттермен ұсынылған сарапшылар тізімдерінен өңірлер бойынша БРСТ қалыптастырады.

25. Осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес Комитеттің аумақтық органдарының қызметін үйлестіру басқармасына сарапшылардың тізімін уақытылы және сапалы ұсынылуына Департаменттердің бірінші басшылары жауапты болады.

26. Комитеттің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармасы әскери, арнаулы оқу орындарындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау үшін сарапшылардың тізімін қалыптастырады және оларды БРСТ-не енгізеді.

27. Әскери, арнаулы оқу орындарындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау үшін сарапшылардың тізімі мен БРСТ-ін уақытылы және сапалы қалыптастыруға Комитеттің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармасы жауапты болады.

28. Қалыптастырылған БРСТ-не осы Нұсқаулықтың 22-тармағына сәйкес жарты жылда бір рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

3 - параграф. Кешенді тестілеуге қатысу

29. МЖМБС бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын немесе білім беру бағдарламаларын меңгеру бойынша білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін, жоғары оқу орнынан кейінгі докторантураны қоспағанда, 4, 9, 11-сыныптардың және бітіруші курстардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізіледі.

Білім беру ұйымында бітіруші сыныптар мен курстар болмаған жағдайда, оқыту нәтижелерін бағалау жоғары сынып және курс білім алушыларымен өткен оқу материалына сәйкес жүргізіледі.

Әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (докторантураны қоспағанда) білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітіруші курстардың (олар болмаған жағдайда – жоғары курстардың) білім алушылары арасында оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізу үшін қарамағында білім беру ұйымдары бар мемлекеттік органдар білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйымға білім беру ұйымын өзін-өзі бағалау басталғанға дейін бір ай бұрын базалық және бейіндеуші циклдерге кіретін пәндер тізбесін ұсынады.

Аталған пәндер тізбесі білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқыту нәтижелерін бағалаудың орнына тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізіледі (біліктер мен дағдылардың диагностикасы). Білім беру ұйымдарымен жүргізілген тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін ата-аналарға (заңды өкілдерге) сауалнама жүргізіледі.

30. Оқыту нәтижелерін бағалау білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары тест тапсырмаларын білім беру бағдарламалары шеңберінде МЖМБС талаптарына сәйкес дербес әзірлейді және тестілерді өткізу нысанын (бұдан әрі – тестілік бақылау) таңдайды.

31. Компьютерлік тестілеу комиссиямен білім беру ұйымының басшысы бекіткен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым басшысымен келісілген кестеге сәйкес:

1) қажетті жабдықтармен жарақтандырылған және тестілеуді тұрақты және үздіксіз өткізу үшін жағдай жасалған жағдайда (компьютерлік сынып, бейнебақылау камералары, интернет, онлайн-трансляциялар) білім беру ұйымдарының;

2) компьютерлік сыныптармен жарақтандырылған, оның ішінде интернет болған және тестілеу өткізу үшін ең аз қажетті жағдайлар жасалған жағдайда білім беру ұйымдарының;

3) флеш-жинақтағышты қосу үшін USB-порт арқылы тестілеу бағдарламасын орната отырып, шағын жинақталған білім беру ұйымдарының;

4) флеш-жинақтауышты қосу үшін USB-порт арқылы тестілеу бағдарламасын орната отырып, әскери, арнаулы оқу орындарының базасында өткізіледі.

32. Тестілеу осы Нұсқаулықтың 31-тармағында көрсетілген әдістердің бірімен өткізілген жағдайда компьютерлік тестілеу байқаушы ретінде қатысатын және өткізілген компьютерлік тестілеудің аудио-, бейнежазбасын жүргізетін Комитеттің және оның Департаменттері қызметкерлерінің қатысуымен өткізіледі.

Байқаушылар осы Бағалау өлшемшарттардың 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес компьютерлік тестілеуді ашық және объективті жүргізу мақсатында қатысады.

Тестілік бақылау осы Бағалау өлшемшарттардың 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тестілеуді ашық және объективті жүргізу мақсатында байқаушы ретінде қатысатын және өткізілген компьютерлік тестілеудің аудио-, бейнежазбасын жүргізетін Департаменттер қызметкерлерінің қатысуымен өткізіледі.

33. Білім беру ұйымдарымен осы Нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес компьютерлік тестілеу өткізілген кезде Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғалары білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген кешенді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі технологиялық нұсқаулықты басшылыққа алады.

34. Компьютерлік тестілеу немесе тестілік бақылау немесе ата-аналармен (заңды өкілдермен) сауалнама жүргізу оқыту нәтижелерін бағалауға жататын белгілі бір білім деңгейі немесе мамандық (даярлау бағыты) бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) кемінде 90 %-ы тестілеуге қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) құрайтын білім беру ұйымдары үшін – кемінде 80 %).

Білім алушылардың 90 %-дан кемі қатысқан жағдайда (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру ұйымдары үшін – кемінде 80 %) компьютерлік тестілеу немесе тестілік бақылау комиссия және байқаушылардың келісімі бойынша басқа күнге ауыстырылады.

Оқыту нәтижелерін бақылауға жататын білім алушылардың жалпы санынан компьютерлік тестілеуге немесе тестілік бақылауға дәлелсіз себептермен білім алушылардың 10 %-дан астамы қайта келмеген жағдайда (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру ұйымдары үшін 20 %-дан астамы), комиссиямен жоқ болған білім

алушылардың ведомостарына «0» балл қойылады.

Дәлелді себептерге мыналар жатады: денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының болуы; жақын туыстарының қайтыс болғанын растайтын құжаттардың болуы; төтенше жағдайлар.

35. Компьютерлік тестілеуге немесе тестілік бақылауға келген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, әскери, арнайы орындарында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (докторантураны қоспағанда) білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушыларына өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты не он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлігі болуы қажет.

Білім алушылар комиссиямен бақылаушылардың қатысуымен компьютерлік сыныпқа немесе оқу сыныбына (аудиторияға) бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте тестіленуші тұлғаның жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін тестіленетін тұлғалардың жеке басын сәйкестендіру білім алушылардың жеке істері негізінде жүргізіледі.

Компьютерлік сыныпқа немесе оқу сыныбына (аудиторияға) кіргізу барысында бөгде тұлға анықталған кезде, компьютерлік тестілеу немесе тестілік бақылауға жататын білім алушының ведомосына «0» балл қойылады.

36. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

«өте жақсы» – 85-100 %;

«жақсы» – 65-84 %;

«қанағаттанарлық» – 40-64 %;

«қанағаттанарлықсыз» – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан кем болғанда.

37. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін тестілік бақылау кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

«өте жақсы» – 90-100 %;

«жақсы» – 70-89 %;

«қанағаттанарлық» – 50-69 %;

«қанағаттанарлықсыз» – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 50 %-дан кем болғанда.

38. Компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау нәтижелері өзін-өзі бағалау жүргізу комиссиясымен төрт балдық жүйе бойынша бағаланады.

39. Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуге қажеттілігі бар балалар компьютерлік тестілеу рәсімінен, соның ішінде тестілік бақылаудан босатылады және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде оқыту нәтижелерін бағалауға жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді.

40. Компьютерлік тестілеу нәтижелері сыныптар мен курстар, сондай-ақ мамандықтар бойынша ведомостер түрінде беріледі.

Тестілік бақылау нәтижелері курстар, сондай-ақ мамандықтар бойынша хаттама түрінде беріледі.

41. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) сауалнама жүргізу білім беру ұйымына өзін-өзі бағалау жүргізу кезеңінде жүргізіледі. Білім беру ұйымымен тәрбиеленушілердің шеберлігі мен дағдыларын айқындау үшін Бағалау өлшемшарттардың 6-қосымшасына сәйкес сауалнама нысаны бітіруші топтардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) таратылады. Білім беру ұйымында мектепалды жастағы топтар болмаған жағдайда сауалнама Бағалау өлшемшарттардың 7-қосымшасына сәйкес ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жүргізіледі. Ата-аналар (заңды өкілдер) сауалнаманы дербес толтырады және комиссияға береді. Білім беру ұйымы ата-аналар (заңды өкілдер) арасында ақпараттық - түсіндіру жұмысын жүргізуге және комиссияның респонденттің байланыс деректерін міндетті түрде толтыра отырып, сауалнамаларын толтыруды және жіберуді қамтамасыз етуге міндетті.

42. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері (машықтар мен дағдылар диагностикасы) Бағалау өлшемшарттардың 4-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген 50 %-дан кем емес респонденттердің МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес деп есептеледі.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері Бағалау өлшемшарттардың 4-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан кемінде 40 %-дан кем емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені комиссиямен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері Бағалау өлшемшарттардың 4-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан 50 %-дан кем емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені комиссиямен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру

бағдарламаларын іске асыратын (докторантураны қоспағанда) білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері Бағалау өлшемшарттардың 4-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан 70 %-дан кем емес білім алушылардың дұрыс жауап бергені комиссиямен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

Компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау қорытындылары бойынша апелляция рәсімі көзделмеген.

43. Компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасау мақсатында білім алушыларға сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысып отыруға, көшіруге, шпаргалкалар, оқулықтар және басқа да әдістемелік әдебиеттер, калькулятор, фотоаппарат, мобильді байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефон, планшет, смартфондар және т.б.), ноутбуктер, плейерлер, модемдерді (мобильді роутерлер) компьютерлік сыныпқа (аудиторияға) кіргізуге және қолдануға, радиоэлектрондық байланыстың кез келген түрлерін (Wi-Fi), Bluetooth, Dect, 3G, 4G, құлаққаптарды (сымды және сымсыз) пайдалануға, сондай-ақ, тестіленуші компьютерге қашықтан кіруге, кешенді тестілеу процесін және тест тапсырмаларын суретке түсіруге немесе бейнеге жазуға, әлеуметтік желіге салуға рұқсат берілмейді.

44. Компьютерлік тестілеу нәтижелері немесе тестілік бақылау нәтижелері білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады және өзін-өзі бағалау материалдарына тігіледі.

45. Оқыту нәтижелерін бағалауды өткізу үшін білім беру ұйымының басшысы келесі функциялардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі (тест тапсырмаларын қалыптастыру үшін) ұйымға оқу нысандары мен тілдері бойынша бітіруші сыныптардың және курстардың білім алушыларының контингенті туралы дұрыс мәліметтерді, оның ішінде білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау басталғанға дейін он күн бұрын оқу нәтижелеріне бағалау жүргізу кестесін ұсыну;

2) комиссиямен осы Нұсқаулықтың 31-тармағында көрсетілген әдіспен, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, оқыту нәтижелерін бағалауды анықтау;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, осы Нұсқаулықтың 31-тармағында көрсетілген әдіспен комиссиямен оқыту нәтижелерін бағалау жүргізген жағдайда Комитетке және оның Департаменттеріне (олардың құзыреті шегінде) олардың қызметкерлерінің

байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдау хат жолдау;

4) өздерімен әзірленген тест тапсырмалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген жағдайда Комитетке және оның Департаменттеріне (олардың құзыреті шегінде) олардың қызметкерлерінің байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдау хат жолдау (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін);

5) осы Нұсқаулықтың 34-тармағын ескере отырып, компьютерлік тестілеуге және тестілік бақылауға жататын білім алушылардың қатысуын қамтамасыз ету;

6) компьютерлік тестілеуді және тестілік бақылауды өткізу кезінде барлық қауіпсіздік шараларын сақтау, оның ішінде медицина қызметкері мен педагог-психологтың қатысуы;

7) үздіксіз электрмен жабдықтауды және телекоммуникацияны қамтамасыз ету;

8) жұмыс орындарын дайындау және техникалық жабдықтың жұмыс істеу қабілеттілігін қамтамасыз ету;

9) білім алушылар арасында тестілеу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу: тестілеуден өту тәртібі, тестілеу кезінде аудиторияда өзін-өзі ұстау ережелері туралы және т.б.

46. Компьютерлік тестілеуді өткізу кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйымның функцияларына мыналар кіреді:

1) компьютерлік тестілеу рәсіміне жататын білім беру ұйымдарының өтінімін қабылдау және кестесін келісу;

2) мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымының басшысымен аудиториялық қорды жоспарлау және келісу, олардың компьютерлік тестілеу рәсіміне дайындығын қамтамасыз ету;

3) компьютерлік тестілеуді өткізу үшін қажетті техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындау;

4) компьютерлік тестілеу рәсімдерін жүргізуді және сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

5) тест тапсырмаларын өңдеу рәсімін өткізу және компьютерлік тестілеуді қорытындылау.

47. Оқыту нәтижелерін бағалау кезінде Комитеттің және оның Департаменттерінің функцияларына мыналар кіреді:

1) компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау рәсімдерін өткізу кезінде осы Нұсқаулықтың 32-тармағына сәйкес қызметкерлердің байқаушы ретінде қатысуы;

2) білім алушыларды осы Нұсқаулықтың 35-тармағына сәйкес компьютерлік сыныпқа немесе оқу сыныбына (аудиторияға) жіберу;

3) осы Нұсқаулықтың 35-тармағына сәйкес компьютерлік тестілеуге және тестілік бақылауға жататын білім алушылардың жеке басын сәйкестендіру;

4) бақылаушылармен ұсынылған есептері бойынша, компьютерлік тестілеу немесе тестілік бақылау барысы бейнежазбаларының материалдарын қайта қарау нәтижелері бойынша компьютерлік тестілеуді немесе тестілік бақылауды тапсыру мерзіміне қарамастан, білім алушы осы Нұсқаулықтың 43-тармағында келтірілген барлық білім алушыларға өз білімдерінің деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасау қағидатын сақтамаған жағдайда нақты білім алушының тестілеу қорытындыларын ескермеуге міндетті;

5) білім беру ұйымдарымен осы Нұсқаулықтың 45-тармағының 3) және 4) тармақшаларын, сонымен қатар 32-тармақтары бұзылған жағдайда білім беру ұйымын өзін-өзі бағалау материалдарын талдау нәтижелері бойынша тестілеу қорытындыларын ескермеуге міндетті.

3 - тарау. Мемлекеттік аттестаттауды өткізу

48. Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Заңға сәйкес мынадай шарттар сақтала отырып, жүзеге асырылады:

1) білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік аттестаттау өткізу кезінде білім беру ұйымына баруға тыйым салынады;

2) мемлекеттік аттестаттау өткізу кезінде білім беру ұйымдарының өкілдерін шақыруға тыйым салынады;

3) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеу және мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарын алдын ала хабардар ету талап етілмейді;

4) мемлекеттік аттестаттау қорытындылары бойынша бұзушылықтар болған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, бірақ білім беру ұйымына оларды жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, (әдістемелік ұсынымдар бере отырып) қорытынды жасалады.

49. Мемлекеттік аттестаттау деректерді талдау, зерделеу және салыстыру арқылы жүргізіледі:

1) білім беру ұйымдарының ресми интернет-ресурстарында орналастырылған білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын;

2) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісін;

3) ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған мәліметтерді.

50. Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін – өзі бағалауды (бұдан әрі – өзін-өзі бағалау) жүргізеді және Заңның 59-бабының 4-1-тармағына сәйкес өз құзыреті шегінде Комитетке және оның Департаменттеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

51. Өзін-өзі бағалау білім беру ұйымдарымен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүргізіледі.

Алдыңғы мемлекеттік аттестаттау болып табылмайтын жыл сайынғы өзін-

өзі бағалау білім беру ұйымдарында сауалнама жүргізу және оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерінсіз жүргізіледі, бұл ретте толық оқу жылы білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ескере отырып, бағаланатын кезең болып табылады.

Мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы өзін-өзі бағалауды жүргізу кезінде сауалнама рәсімін міндетті түрде жүргізе отырып және оқыту нәтижелерін бағалай отырып, мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған мерзімі басталғанға дейін бір ай бұрын өткен төрт оқу жылы және ағымдағы оқу жылы бағаланатын кезең болып табылады.

52. Білім беру ұйымдары өзін-өзі бағалау материалдарын Комитетке және оның Департаменттеріне өз құзыреттері шегінде мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған айына дейін бір айдан кешіктірмей ұсынады және Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың (бұдан әрі-Әдістемелік ұсынымдар) 64 және 65-тармақтарына сәйкес міндетті түрде оларды өздерінің интернет-ресурстарында орналастырады.

53. Өзін-өзі бағалау материалдары мыналарды қамтиды:

1) Әдістемелік ұсынымдардың 12-тармағына сәйкес өзін-өзі бағалауды өткізу туралы шешімі бар педагогикалық кеңес (ғылыми кеңес) отырысының хаттамасынан үзіндіні;

2) Әдістемелік ұсынымдардың 12-тармағына сәйкес білім беру ұйымының басшысымен бекітілген өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияны құру туралы бұйрықты;

3) оқыту нысандары мен тілдері бойынша бітіруші сыныптардың білім алушылар контингенті туралы мәліметтерді, оның ішінде Әдістемелік ұсынымдардың 12-тармағына сәйкес оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізу кестесін;

4) Әдістемелік ұсынымдардың 12-тармағына сәйкес оқыту нәтижелерін бағалауды жүргізу кезінде өз құзыреті шегінде бақылаушылар ретінде қызметкерлердің қатысуы туралы Комитетке және оның Департаменттеріне қолдаухатын;

5) Бағалау өлшемшарттарының 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес сәйкес респонденттермен толтырылған мектепалды жастағы ата-аналарға немесе ересек жастағы балаларға арналған сауалнамаларды;

6) Бағалау өлшемшарттарының 4-тармағының 11), 12), 13) тармақшаларына сәйкес тестілеу немесе тестілік бақылау нәтижелерін;

7) Әдістемелік ұсынымдардың 32-тармағына сәйкес құрылымы мен мазмұнына сай өзін-өзі бағалау қорытындысын;

8) инвариантты компонент сабақтарының бейнеконтентін;

9) жабдықпен және жиһазбен жарактандырылуы туралы бейнеконтентін;

10) Әдістемелік ұсынымдардың 38 және 39-тармақтарына сәйкес өлшемшарттар бойынша бағалау қорытындыларының бағалау парағын;

11) Әдістемелік ұсынымдардың 41-тармағына сәйкес өзін-өзі бағалау қорытындыларын қарау туралы педагогикалық кеңес немесе ғылыми кеңес

отырысының хаттамасынан үзіндіні;

12) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеппен сөйлеген сөзі туралы қамқоршылық кеңес (ғылыми кеңес) отырысының хаттамасынан үзінді көшірмесін.

54. Білім беру ұйымының басшысы өзін-өзі бағалау материалдарын толтырудың анықтығын және объективтілігін, сондай-ақ олардың құзыреті шегінде Комитетке және оның Департаменттеріне уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

55. Белгіленген мерзімде өзін-өзі бағалау материалдары ұсынылмаған жағдайда Комитет және оның Департаменттері өз құзыреті шегінде мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша Заңның 59-бабының 4-тармағы сегізінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес білім беру ұйымы «аттестатталмаған» деген қорытындысын береді.

56. Аттестаттау комиссиясымен өзін-өзі бағалау материалдарын қарау жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

57. Аттестаттау комиссиясының құрамына (бұдан әрі-комиссия):

- 1) өз құзыреттері шегінде Комитеттің және оның Департаменттерінің;
- 2) біліктілік сипаттамаларға сәйкес білікті сарапшылар болып табылатын басқару органына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының, оның ішінде осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымы қызметінің бейіні бойынша білім беру ұйымдарының;
- 3) аудандық, қалалық немесе облыстық әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері болып табылатын басқару органдарының өкілдер кіреді.

Сарапшылар саны комиссия құрамының жалпы санының кемінде үштен екісін құрауға тиіс.

58. Аттестаттау комиссиясының құрамына сарапшыларды іріктеу білім беру ұйымының қызмет бейіні, деңгейі, мамандықтары мен даярлау бағыттары бойынша біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін БРСТ –нен жүзеге асырылады.

Бұрын аттестатталатын білім беру ұйымының соңғы бес жыл ішінде қызметкері болған, мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымымен бірлескен жобалары, мүдделері мен қатынастары бар тұлға сарапшы бола алмайды.

59. Комитет төрағасының немесе Департамент басшыларының бұйрығымен өз құзыреті шегінде Комиссия құрамы бекітіледі және оның төрағасы – Комитеттің немесе Департаменттің лауазымды тұлғасы болады.

Комиссия құрамы алдағы орындалатын жұмыстардың көлеміне және өзін-өзі бағалау материалдарын талдауға байланысты мүшелердің тақ санынан (кемінде бес) тұрады.

Сарапшылармен өзін-өзі бағалау материалдарын қарау бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасалады.

Комиссияның құрамына кіретін әрбір сарапшы қол қоя отырып білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау жүргізуге қатысатын адамдардың мінез-

құлқының этикалық нормаларымен танысады, сонымен қатар осы Нұсқаулықтың 4 және 5-қосымшаларына сәйкес қызметтік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемелер қабылдайды.

60. Аттестаттау комиссиясының төрағасы (бұдан әрі-Төраға) жалпы жоспарлауды және мемлекеттік аттестаттау рәсіміне басшылықты жүзеге асырады.

Төраға комиссиямен жұмыс істеу кезінде комиссия мүшелерінің анонимдік қағидасын пайдаланады, бұл ретте комиссия мүшелері болып табылатын құрамына тартылатын сарапшылар мен бағаланатын білім беру ұйымы бір-біріне белгісіз болып қалады.

Комиссия құрамы қорытынды шығарылғанға дейін білім беру ұйымы үшін белгісіз болып қалады.

Анонимдік қағидаты мемлекеттік аттестаттауға жататын басқару органдары мен білім беру ұйымдары тарапынан тартылатын сарапшыларға қысым көрсетуді болдырмау мақсатында пайдаланылады.

Мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарына және сарапшыларға комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық жіберілмейді.

61. Өзін-өзі бағалау материалдарын талдау кезінде білім беру ұйымының білім беру қызметін бағалау кезеңі бұрын өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бағаланатын кезең болып табылады.

62. Төраға комиссия мүшелерін жеке-жеке өзін-өзі бағалау материалдарымен таныстырады және олардың арасында өзін-өзі бағалау материалдарын талдау және зерделеу және олардың деректерін білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде және басқа да ресми ақпарат көздерінде салыстыру бойынша нақты тапсырмаларды бөледі.

63. Мемлекеттік аттестаттауды жүргізу кезіндегі, сондай-ақ мамандықтар (бағыттар) бөлінісінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база болып табылады.

64. Өзін-өзі бағалау материалдарын талдау МЖМБС жалпы талаптары бойынша оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, оқыту нәтижелеріне, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейіне, оқыту мерзіміне, Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына және өлшеуіштерге жүргізіледі.

Өзін-өзі бағалау материалдарына талдау жүргізу кезінде, сонымен қатар инвариантты компоненттің (білім беру салаларының) сабақтары

(ұйымдастырылған оқу қызметі, сабақтар) мен жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы туралы ұсынылған бейнеконтенттер зерделенеді.

65. Комиссия мүшелері өзін-өзі бағалау материалдарын талдау және зерделеу кезінде өзін-өзі бағалауда көрсетілген мәліметтерді:

- 1) ұлттық білім беру деректер базасындағы;
- 2) Е-лицензиялау мемлекеттік дерекқорының ақпараттық жүйесіндегі;
- 3) Kundelik и Bilimal цифрлық білім беру платформасындағы;
- 4) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өз құзыреті шегінде алдында Комитет және оның Департаменттерімен жүргізілген тәуекелдерді бағалау жүйесі бойынша іс-шаралар кешенімен;
- 5) бару арқылы алдыңғы профилактикалық бақылау нәтижелерімен;
- 6) білім беру ұйымдарының және басқару органдарының интернет-ресурстарында орналастырылған ақпараттық платформалар, оның ішінде интернет-ресурстарда қамтылған оқу - тәрбие жұмысы туралы ақпаратпен;
- 7) білім беру ұйымдары мен олардың басқару органдарының әлеуметтік желілерінің ресми беттерінде;
- 8) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлармен;
- 9) мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарына қатысты жеке және заңды тұлғалардың расталған шағымдары мен өтініштерімен;
- 10) құқық қорғау органдарынан келіп түскен материалдарды, сондай-ақ уәкілетті органдар және ұйымдармен ұсынылған мәліметтерді талдау нәтижелерін;
- 11) білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйымнан алынған кешенді тестілеу қорытындыларының ведомостерін;
- 12) білім беру саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерімен жүргізілген білім беру мониторингтерінің нәтижелерін;
- 13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да ресми ақпарат көздерінен алынған мәліметтер, хабарламалар және ақпараттар сияқты деректермен салыстырады.

66. Комитеттің және оның Департаменттерінің мемлекеттік аттестаттауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалары қажетті біліктілікке ие болуға және кемінде бес жылда бір рет тиісті оқытудан өтуге тиіс.

67. Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғалары мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезінде:

- 1) талдау және зерделеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде өзін-өзі бағалау материалдарын алуға, оның ішінде мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қорытындыға қоса тіркеуге;
- 2) автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;
- 3) білім алушылар кешенді тестілеуден өту кезінде байқаушы ретінде қатысуға және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы кезінде тестілеу барысын аудио -, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

4) тестіленуші тұлғаның жеке басын сәйкестендіре отырып, білім алушыларды компьютерлік сыныпқа кіргізу кезінде байқаушы ретінде қатысуға;

5) білім беру ұйымдарымен ұсынылған бейне мазмұны бейнематериалдарының жазбаларын, оның ішінде тестілеу барысының бейнеконтент пайдалануға;

б) мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың сарапшыларын тартуға құқылы.

68. Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғаларына мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезінде білім беру ұйымдарына талаптар қоюға және өтініш жасауға тыйым салынады.

69. Мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезінде Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғалары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларын, білім беру ұйымдарының құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) мемлекеттік аттестаттауды Кодекс, Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде және оларда белгіленген тәртіпке қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамаларымен белгіленген талаптарын бұзушылықтардың алдын алу оларды анықтау және болдырмау жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес берілген өкілеттілікті уақтылы және толық көлемде орындауға;

4) мемлекеттік аттестаттауға жататын мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

5) білім беру ұйымына мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезінде оған қатысты қажетті ақпаратты беруге;

б) білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері туралы қорытындыны Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімінде табыс етуге;

7) мемлекеттік аттестаттау жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

70. Әрекеттердің жасалуына (шешімдер қабылдануына) негіз болған мемлекеттік аттестаттауды жүзеге асыратын Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғаларының әрекеттері (шешімдері) білім беру ұйымдарымен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға және (немесе) сотқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасалуы мүмкін.

71. Комиссия өз қызметінде білім беру ұйымдарының қызметін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

4 - тарау. Мемлекеттік аттестаттауды қорытындылау

72. Жұмыс процесінде комиссия мүшелері төрағаны өзін-өзі бағалау материалдарын талдау және зерделеу барысы туралы хабардар етеді және оған сараптамалық бағалау береді.

73. Өзін-өзі бағалау материалдарын талдау, сараптамалық бағаларды зерделеу және қорыту, ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған мәліметтер және білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінің деректерін салыстыру бойынша төраға қорытынды дайындайды.

74. Төраға мемлекеттік аттестаттау қорытындыларын қабылдау бойынша комиссия мүшелерімен кездесу өткізеді немесе интерактивті өзара іс-қимылдың телекоммуникациялық технологиялары арқылы бейнеконференцбайланыс жүргізуге бастамашылық жасайды.

Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

1) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;

2) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмады.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезіндегі зерделеу бағыттары мен объектілері бойынша мәліметтерден, ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне талдаудан, оның ішінде жұмыстағы кемшіліктер мен ескертулер туралы нақты ақпараттан, тұжырымдар мен әдістемелік ұсынымдардан тұрады.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын талдау, зерделеу қорытындылары бойынша білім беру ұйымдарына МЖМБС талаптарында анықталған бұзушылықтар бойынша, оның ішінде білім беру ұйымын бағалаудың әрбір өлшемшарты бойынша әдістемелік ұсынымдар береді.

75. Сот төрелігі Академиясында, әскери және арнаулы оқу орындарындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді беруді қоспағанда, МЖМБС талаптарына толық сәйкес келетін білім беру ұйымдарына қатысты қосымша өлшеуіштер қолданылады және «uzdik» немесе «zhaqsy» немесе «ortasha» бағаларымен қорытындыға бағалау парағы беріледі.

Бағалауға сәйкес келетін балл: «uzdik» – 5; «zhaqsy» – 4; «ortasha» – 3.

76. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты бағалау МЖМБС жалпы талаптарына өлшемшарттар бойынша Бағалау өлшемшарттарының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

77. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты бағалау

МЖМБС жалпы талаптарына өлшемшарттар бойынша Бағалау өлшемшарттарының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

78. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты бағалау МЖМБС жалпы талаптарына өлшемшарттар бойынша Бағалау өлшемшарттарының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

79. МЖМБС жалпы талаптарына өлшемдер бойынша бағалау Комиссиямен жүргізіледі және бекітіледі.

80. МЖМБС жалпы талаптарына өлшемшарттар бойынша бағалау нәтижелері Бағалау өлшемшарттарының 6-тармағына сәйкес ресімделеді.

81. Берілген қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын қорытынды баға комиссиямен Бағалау өлшемшарттарының 6-тармағына сәйкес бағалау парағы түрінде ресімделеді.

82. Қорытынды баға Бағалау өлшемшарттарының 7-тармағына сәйкес өлшемшарттар бойынша жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы бағалар сомасының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

83. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысын талқылау және әдістемелік көмек алу қажет болған жағдайда, білім беру ұйымының интерактивті өзара іс-қимылдың телекоммуникациялық технологиялары арқылы бақылау органымен бейнеконференцбайланыс жүргізуге бастамашылық жасауға құқығы бар, бұл ретте Комиссиямен қабылданған шешімді талқылауға және жарыссөзге жол берілмейді.

84. Білім беру ұйымына Комитеттің және оның Департаменттерінің өз құзыреттері шегіндегі жеке құқықтық актісінде көрсетілген бітіру мерзімінен кешіктірмей қорытынды тапсырылған күн мемлекеттік аттестаттау мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

85. Қорытынды бақылау білім беру ұйымына төменде санамаланған тәсілдердің бірі арқылы:

1) пошта арқылы – тапсырысты хатпен;

2) электрондық тәсілмен – білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдарында немесе ресми интернет-ресурсында көрсетілген білім беру ұйымының электрондық мекенжайына жөнелтілген күнімен жіберілуге тиіс. Жіберілген қорытынды жөнелту фактісін растайды және білім беру ұйымына табыс етілді деп есептеледі.

86. Білім беру ұйымы қорытындыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бір жылдан аспайтын мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпаратты береді, осы шаралар өз құзыреті шегінде Комитетпен және оның Департаменттерімен келісіледі.

87. Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері білім беру ұйымындағы бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктердің болуын ескере отырып, Комитеттің және оның

Департаменттерінің лауазымды тұлғасымен өз құзыреті шегінде, бірақ осы Нұсқаулықтың 86-тармағына сәйкес қорытынды тапсырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн мерзімге келісіледі.

Мемлекеттік бюджеттен қаржы қаражатын бөлуге тікелей байланысты бұзушылықтарды жою мерзімдерін айқындау кезінде бұзушылықтарды жоюдың нақты мүмкіндігіне ықпал ететін мән-жайларды ескеру қажет.

Бұл ретте анықталған бұзушылықтарды орындаудың ең ұзақ мерзімін бір жылдан аспайтын мерзімге айқындау ұсынылады.

88. МЖМБС талаптарының жекелеген бұзушылықтарын жою үшін әртүрлі мерзімдер болған кезде бұзушылықтарды жою бойынша бақылау мерзімдері тұтастай алғанда бұзушылықтарды жоюдың барлық мерзімдерінің ең жоғары мерзімдері бойынша айқындалады.

89. МЖМБС талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімдерінің негізділігі, сондай-ақ белгіленген мерзімнің бұзушылықтың ауырлығына мөлшерлес болуы үшін жауапкершілік мемлекеттік аттестаттауды жүргізген лауазымды тұлғаға жүктеледі.

90. Бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін білім беру ұйымы Комитет пен оның Департаменттеріне олардың құзыреттерінің шегіне қарай бұзушылықтарды жою туралы есепті ұсынуға міндетті.

91. Білім беру ұйымының есебі негізінде МЖМБС талаптарының бұзушылықтары толық жойылған жағдайда, Комитет және оның Департаменттері өз құзыреті шегінде бес жұмыс күні ішінде қайта қорытынды шығарады.

92. Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда білім беру ұйымы аттестатталмады деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтер көрсететін білім беру ұйымымен бұзушылықтар жойылмаған кезде, Департаменттермен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар тізілімінен білім беру ұйымы Заңның 59-бабы 8-4-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес алынып тасталады.

93. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

94. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде Комитеттің және оның Департаменттерінің лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті мен оның аумақтық органдарының бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және жоспардан тыс тексеруді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық

бақылау жүргізу қорытындылары бойынша білім беру ұйымына бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері туралы анықтама, оның ішінде осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес МЖМБС талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды беріледі.

95. Әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы ақпарат бақылау органының және білім беру ұйымының ресми web-сайтында орналастырылады.

Білім беру ұйымдарын
 мемлекеттік аттестаттауды
 ұйымдастыру және өткізу
 жөніндегі Нұсқаулыққа
 1-қосымша

«Келісілді»

Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым министрлігінің
 Білім және ғылым саласында
 сапаны қамтамасыз ету
 комитетінің төрағасы

(қолы) (Т.А.Ж. болған жағдайда)

«___» _____ 20___ жыл

«Бекітілді»

Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым министрлігінің
 Білім және ғылым саласында
 сапаны қамтамасыз ету комитетінің
 _____ облысының білім саласында
 сапаны қамтамасыз ету департаментінің
 басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ж. болған жағдайда)

«___» _____ 20___ жыл

_____ жылы мемлекетті аттестаттауға жататын _____

(аймақтың атауы)

білім беру ұйымдарының тізімі

№ р/с	Білім беру ұйымының атауы*	Білім беру ұйымының орналасқан жері*	Аттестаттаудан өту мерзімі*
1	2	3	4
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары			
1			
2			
Орта білім беру ұйымдары			
1			
2			
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары			
1			
2			

Ескерту:

2-бағанда мемлекеттік тіркеу немесе заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің негізінде білім беру ұйымдарының толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда мемлекеттік тіркеу немесе заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің негізінде білім беру ұйымының заңды мекенжайы көрсетіледі;

4-бағанда мемлекеттік аттестаттаудан өту мерзімі айлармен көрсетіледі.

Білім беру ұйымдарын
мемлекеттік аттестаттауды
ұйымдастыру және өткізу
жөніндегі Нұсқаулыққа
2-қосымша

«Бекітілді»

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласында сапаны
қамтамасыз ету комитетінің
_____ облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз ету
департаментінің басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ж. болған жағдайда)
«__» _____ 20__ жыл

_____ облысы бойынша 20__ жылғы _____ жартыжылдыққа арналған
(аймақтың атауы)
білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауға тартылатын сарапшылардың тізімі

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы және жері	Білімі туралы күжат, мамандығы, біліктілігі, бітірген жылы туралы мәліметтер	Жұмыс орны, жұмыс телефоны (ұялы телефона)	Атқаратын лауазымы	Оқытатын пәні, сабағы
1	2	3	4	5	6	7

жалғасы

Оқытылатын тілі	Педагогикалық еңбек өтілі	Біліктілік санаты, берілген немесе расталған күні, беру туралы бұйрықтың нөмірі мен күні	Педагогикалық қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер	Дәрежесінің немесе атағының болуы туралы мәліметтер	Білім беру ұйымының бейіні
8	9	10	11	12	13

Ескерту: білім деңгейі бойынша толтырылады

Білім беру ұйымдарын
 мемлекеттік аттестаттауды
 ұйымдастыру және өткізу
 жөніндегі Нұсқаулыққа
 3-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды

(білім беру ұйымының атауы)

«_____»
 «қорытындыны жасау орны»

«__» _____20__ жыл, __ сағат __ минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 20__ жылғы «__» _____ бекітілген _____ жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «__» _____ мен «__» 20__ жыл аралығында _____ мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

(білім беру ұйымының атауы)

Мемлекеттік аттестаттауды Департаменттің 2021 жылғы «__» _____ № _____ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. _____ комиссия төрағасы;
(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)
2. _____ комиссия мүшесі;
(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)
3. _____ комиссия мүшесі;
(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)
4. _____ комиссия мүшесі;
(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)
5. _____ комиссия мүшесі;
(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

_____ өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру
 (білім беру ұйымының атауы)

саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

- 1) білім беру ұйымының толық атауы;
- 2) білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы);
- 3) заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт);
- 4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі);
- 5) құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі);
- 6) рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі

4. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейі

5. Оқыту мерзімі

6. Оқыту нәтижелерін бағалау

ҚОРЫТЫНДЫ: _____ білім беру қызметі

(білім беру ұйымының атауы)

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді.

Кемшіліктер мен ескертулер

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымын бағалау

Әдістемелік ұсынымдар әзірлеу

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі

«__» _____ 20__ жылғы Комиссияның хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы _____

(қолы) (Т.А.Ә. болған жағдайда)

Білім беру ұйымдарын
 мемлекеттік аттестаттауды
 ұйымдастыру және өткізу
 жөніндегі Нұсқаулыққа
 4-қосымша

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау жүргізуге қатысатын тұлғалардың мінез-құлқының этикалық нормалары

(білім беру ұйымының атауы)

1. Жалпы ережелер

Этикалық нормалар - бұл білім беру ұйымдарында аттестаттау жүргізуге қатысатын тұлғалардың мінез-құлық принциптерінің жиынтығы.

Этикалық нормалардың мақсаты тартылған сарапшылардың функционалдық міндеттерін сапалы және тиімді орындау үшін, сондай-ақ, тексеру органның беделі мен білім беру ұйымының сенімін нығайтуға ықпал ету.

2. Мінез-құлық принциптері

1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ білім беру субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

2. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын болдырмау, анықтау және жолын кесу бойынша ұсынылған өкілеттіктерді уақтылы және толық орындау.

3. Білім беру ұйымына бармай мемлекеттік аттестаттау жүргізу нәтижесінде алынған ақпаратты жарияламау және таратпау.

4. Білім беру ұйымының қызметкерлеріне ешқандай түрде қысым жасамау.

5. Білім беру ұйымының белгіленген жұмыс тәртібіне кедергі жасамау.

6. Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау.

7. Білім беру ұйымының қызметкерлерімен қарым -қатынаста сыпайылық пен әдептілікті көрсету.

8. Кез келген түрдегі сыйлықтарды қабылдамау!

9. Білім беру ұйымының білім беру қызметін талдау қорытындылары бойынша қабылданатын шешімдердің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету.

10. Мемлекет пен қоғамдық мүдделерге зиян келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұру.

11. Белгіленген функцияларды орындау кезінде артықшылық көрсету үшін ресми жағдайды пайдаланбау.

12. Сын айтқаны үшін қудаламау.

13. Жұмыста кәсіби шеберлік пен біліктілікті көрсету.

14. Өзіңіздің мінез-құлқыңыз бен іс-әрекетіңізбен теріс имидждің қалыптасуына жол бермеу.

15. Іскерлік этикет пен ресми тәртіп ережелерін сақтау.

16. Жұмысты алқалылық қағидаттар негізінде құру.

17. Қиындықтар мен төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, өз әрекеттеріңізді топ жетекшісімен келісу.

18. Топ басшысының тапсырмаларын адал ниетпен, сапалы және уақытында орындау.

19. Еңбек тәртібін сақтау.

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы	Танысу белгісі, күні	Қолы

Білім беру ұйымдарын
 мемлекеттік аттестаттауды
 ұйымдастыру және өткізу
 жөніндегі Нұсқаулыққа
 5-қосымша

Қызметтік ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме

Мен, _____ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және
 (Т.А.Ж. болған жағдайда)
 ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің _____ облысы Білім және ғылым саласында
 (аймақтың атауы)

сапаны қамтамасыз ету департаментіне (бұдан әрі-Департамент) тартылған сарапшысы ретінде, білім беру ұйымында мемлекеттік аттестаттау жүргізу кезеңінде және аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде төмендегі тәртіпті сақтауға:

1) білім беру ұйымында мемлекеттік аттестаттау жүргізу барысында маған белгілі болған немесе сеніп тапсырылған қызметтік, қаржылық немесе басқа да мәліметтерді бөтен тұлғаларға жарияламауға, бермеуге және көпшілік алдында ашпауға;

2) білім беру ұйымында мемлекеттік аттестаттау аяқталғаннан кейін, жұмыс барысында менің иелігімде болған барлық ақпарат тасымалдаушыларды (дискілерді, дискеталарды, флешкаларды және т.б.) тікелей мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасына акті бойынша тапсыруға;

3) интернет-ресурстарын (сайттар, әлеуметтік желілер) қоса алғанда ашық ақпарат көздерінде қызметтік ақпаратқа қатысты кез келген мәліметтерді орналастырмауға;

4) қызметтік ақпаратты ашық байланыс түрлерінің (WhatsApp және т.б.) техникалық арналары, сонымен қатар Интернет және көпшілікке қолжетімділігі бар пошталық қызметтерін (mail.ru, gmail.com және басқалары) қолданып, жібермеуге міндеттеме аламын.

Мен, осы міндеттемелерді орындамаған жағдайда төмендегі жауапкершілік туралы мәлімдендім:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі жағдайларда жауапкершілікке тартыламын:

- 1) ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге жөнсіз қол жеткізу үшін;
- 2) ақпаратты орынсыз жою немесе түрлендіру үшін;
- 3) ақпаратты құқыққа сыйымсыз иеленіп алу үшін;
- 4) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қарастырылған қылмыстық жазаланатын әрекет

болып табылатын қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды орынсыз тарату үшін.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша Департаментке білім беру ұйымында мемлекеттік аттестаттау жүргізу кезінде және ол аяқталғаннан кейін бес жыл уақыт ішінде қызметтік және қормммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария ету және жеке мүддеме қолдану салдарынан келтірілген шығынды өтеуге міндеттімін.

Тартылған сарапшының қолы _____